

Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары (гербицидтер) түрлерінің тізбесін және субсидиялардың шекті нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 214 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 3 тамызда № 4498 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 шілдедегі № 197 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 05.07.2017 № 197 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 мамырда №13717 тіркелді) сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары (гербицидтер) түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормалары бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласының әкімдері осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды алсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М.К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.К.Өтеғұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Көлгінов

2016 жылғы 15 шілдедегі №214
Батыс Қазақстан облысы

Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары (гербицидтер)

түрлерінің тізбесі және

1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормаларының тізбесі

№	Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары (гербицидтер) түрлерінің тізбесі	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	Гезагард 500, с.к. (прометрин, 500 г/л)	литр	50	2 520
2	Гоал 2Е, э.к. (оксифлуорфен, 240 г/л)	литр	50	10 000
3	Гроза, 60% э.к. (2-этилгексилді эфир, 2,4 дихлорфеноксиуксусты қышқыл, 600 г/л)	литр	50	1 710
4	Горгон, с.е.к. (пиклорам, 150 г/л)	литр	50	4 590
5	Зенкор Ультра, с.к. (метрибузин, 600 г/л)	литр	50	7 920
6	Раундап Экстра, 54% с.е. (глифосат, 540 г/л)	литр	50	1 800
7	Робусто Супер, э.к. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л)	литр	50	1 800
8	Секатор Турбо, м.д. (натрийдің иодосульфурон-метилі, 25 г/л + амидосульфурон, 100 г/л + мефенпир-диэтил (антидот), 250 г/л)	литр	50	13 320
9	Стомп, 33% э.к. (пендиметалин, 330 г/л)	литр	50	1 620
10	Титус, 25% қ.а.с. (римсульфурон, 250 г/кг)	килограмм	50	135 000
11	Ураган Форте 500, с.е.(калий тұзы түріндегі глифосат, 500 г/л)	литр	50	1 500
12	Фуроре Ультра, м.с.э. (феноксапроп-п-этил, 110 г/л)	литр	50	3 960
13	Эллай Лайт, с.д.т. (метсульфурон-метил, 391 г/кг + трибенурон-метил, 261 г/кг)	килограмм	50	66 780
14	Эстерон 600, э.к. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л)	литр	50	1 800
15	Эстет, э. к. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д дихлорфеноксиуксусты қышқыл, 600 г/л)	литр	50	1 710

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

с.к.-суспензия концентраты;
э.к.-эмульсия концентраты;
с.е.к.-суда ерігіш концентрат;
с.к.-суспензиялы концентрат;
с.е.-сулы ерітінді;
м.д.-майлы дисперсия;
қ.а.с.-құрғақ аққыш суспензия;
м.с.э.-майлы-сулы эмульсия;

с.д.т.-сулы диспергерленген түйіршектер;
г / л - г р а м м / л и т р ;
г/кг-грамм/килограмм.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК